

егемен

Казакстан

Жаңа діни ахуал: Мүмкіндіктер мен қатерлер

Ғасырлар тоғысында әлеуметтанушы америкалық ғалымдар Дж. Нейсбит пен П.Абурдин 2000 жылы ХХІ ғасырдың алғашқы жылдарындағы әлемдегі ең басты, ықпалды, жаһандық сипаттағы он бағыттың (мегатенденциялар) ішінде тілдік патриотизм мен діни қайта жаңару үрдістерін атады. Ал БҰҰ қолдауымен 2003 жылы дайындалған «Әлем болашағы пішіні» атты еңбекте де он төрт басты үрдістердің екеуі діни және ұлттық жағдайларға байланысты: радикалды ислам идеологиясының дамуы және этностық өзін өзі тану саясатының күш алуы («Социально-гуманитарные» №3, 2011 жыл, 4-5-беттер). Ұлттық және діни мәселелердің ықпалының өсуін сарапшылар ХХІ ғасырда отаршылдыққа қарсы күрестің жаңа толқынының басталуымен түсіндіреді. Егер бірінші толқын экономикалық және саяси тәуелсіздікке қол жеткізу болса, отарсыздану зымыранының екінші сатысы мәдени және әлеуметтік тәуелсіздіктен арылу болып отыр. Осы мүмкіндік пен қатерлер төңірегінде бұрынғы отарланған елдер мен отарлаушы елдер терең ойлануда. Діни ахуал деңгейлері ХХ ғасырдың 80-жылдары Кеңес Одағында жүргізілген зерттеулерге қарағанда, төрт адамның бірі дінге әртүрлі деңгейде мән берсе, қалада олар 10 – 20%, ауылда 30 – 40% болған, олардың арасында аға ұрпақ, әйелдер басым. Көпдінді кеңестер елінде ислам дініндегілер өз дініне басқалардан берігірек болған сияқты. Дінді мойындаушылардың мешітке, не шіркеуге баруға мүмкіндіктері бола бермеген, сондықтан отбасында діни мерекелер, салт-дәстүрлерді ұстанған. Дінге деген ықылас, әсіресе, кеңестік интеллигенция арасында жоғары көрінген. Ол дінге бет бұрды дегенді білдірмейді, бірақ ұлттық мәдениет, әдебиет, әсіресе ауыз әдебиетін, сәулет өнерін, археология, этнография, тіл білімін, музей құндылықтарының мәнін, мазмұнын діннің рухани ықпалынсыз түсіне бермейтіндігіне көз жеткізілді, атеизм салдарынан жас ұрпақтың төлтума өркениеттен, рухани құндылықтан жат бола бастағаны айқын сезілді. Кеңес билігі тарағаннан кейін Қазақстанда «Діни сенім және діни бірлестіктер туралы» Заң діни қызметке, діни ілімдерді насихаттауға, діни әдебиеттерді таратуға, құлшылық етуге еркіндік берді. Діни ахуал туралы сөз қозғағанда оның екі деңгейін ескергеніміз жөн: жаппай бұқаралық деңгейдегі діни сана мен жоғары діни институттар деңгейі. Бұқаралық деңгейдегі діни сананы сараласақ, бұл дүниеде барлығын «дін аманмын» дейтін қазақ, ХХ ғасырдың 20-жылдары, әсіресе жастар діннен атеизмге бет бұрса, ХХ ғасырдың аяғында тәуелсіздікпен бірге діни сенімге де еркіндік алғаннан кейін, тағы да жастар, енді дінге аса қызығушылық танытты. Осылай сағаттың маятнигіндей діни санадан атеизмге, атеизмнен діни санаға ауытқудамыз.

2009 жылғы халық санағы бойынша, Қазақстан халқының 70,2%-ы мұсылмандар, 26,3-і христиандар, 0,1%-ы буддистер, 2,8%-і ешқандай дінге сенбейтіндер, 0,5%-ы жауап беруден бас тартқан. Әдетте түркі тілдес халықтарды мұсылман дініне ойланбай жатқызады. Бірақ халық санағы көрсеткендей, қазақтардың 0,4%-ы (39 172) адам христиан дініне, 1 923-і – иудаизмге, 749-ы – буддизмге, 1 612 адам басқа діндерге өткен. 98 511 қазақ ешқандай дінде жоқ. 26 085 адам жауап бермеген. Сонымен бірге, өзбектердің де 0,4%-ы, ұйғырлардың – 0,5%-ы, татарлардың – 10,2%-ы, түріктердің – 0,3%-ы, әзербайжандардың – 2,5%-ы, қырғыздардың – 0,9%-ы христиандар екен. Сондай-ақ орыстардың – 1,4%-ы, украиндардың – 0,9%-ы, немістердің – 1,6%-ы, корейлердің – 5,2%-ы, белорустардың – 0,8%-ы, поляктардың – 0,7%-ы, басқа ұсақ этностық топтардың 34,7%-ы исламды қабылдаған. Қазақстандықтардың дін таңдауында, сөз жоқ, аралас некенің де ықпалы бар. Тағы бір назар аударалық мәселе: украиндардың – 7,3%-ы, немістердің – 14%-ы, корейлердің – 28,5%-ы, белорустардың 7,8%-ы ешқандай дінде жоқ. Әртүрлі этностар дін ілімін терең білмегенмен, «қазақ болғандықтан мұсылманбыз», «орыс болғандықтан православиелікпіз» дегендей өздерін белгілі бір дінге, конфессияға жатқызады, сондай-ақ дінге сенбейтіндер де бар. «Дүние – шыр айналған бір дөңгелек» дегендей, өзгермелі, құбылмалы заманда бірқатарымыз дүрмекке еріп, әртүрлі топтың жетегінде де кетіп жатырмыз. Діни ахуалдың екінші деңгейі – бұл діни институттар мен ұйымдар, конфессиялар, олардың құрылымдары, бірлестіктері, басқару орталықтары. Қазақстан халқы Ассамблеясының XVII сессиясында сөйлеген сөзінде Президент Нұрсұлтан Назарбаев: «Тәуелсіздіктің 20 жылында Қазақстан аумағында жұмыс істейтін діни қауымдастықтардың саны 700-ден 4500-ге дейін өсті», – деді. Елімізде дінді танып білуге талпыныс артып, дін рухани өміріміздің негізіне айналып келеді. Сонымен бірге, дінге оралу барлық посткеңестік елдерде, соның ішінде Қазақстанда да, зайырлы мемлекеттегі діннің орны, дін мен мемлекет қарым-қатынастары туралы мәселелер төңірегінде пікірталастар туғызды. Басқа елдердегі діни ахуал, сондай-ақ еліміздегі «жаңа діни» қозғалыстардың мемлекетіміздің әлеуметтік-психологиялық өміріне ықпалы да бүгін өткір мәселеге айналып отыр. Әртүрлі діндер мен конфессиялардың олардың жолын ұстаушылар мен ұйымдарының, сонымен бірге, олардың билікпен, азаматтық қоғаммен қарым-қатынасы елдегі діни ахуалға ықпал етеді. Діни ахуал әлеуметтік ортадан, айналадан аулақ оңашаланған әлем емес, оны елдегі әлеуметтік, саяси, рухани-психологиялық ахуалдан бөліп қарауға болмайды. Елдегі діни ахуалды тереңірек түсіну үшін Ресей мен Қазақстандағы дін жағдайын саралап көрейік. 2000 жылы Ресейде «Ресей

православие шіркеуінің әлеуметтік тұжырымдамасының негіздері» атты ХХІ ғасырдағы бағыт-бағдарына арналған тұжырымдама мақұлданды, ол дінтанушы ғалымдардың да талдауынан өтті. Ресми бағдарлама шіркеулерге ғана емес, мемлекеттік билікке, зайырлы ұйымдарға, әр шіркеу мүшесіне арналған. Тұжырымдама дін мен мемлекет арасындағы қарым-қатынастың тиімді моделін ұсынады, оны екінші сөзбен айтқанда, симфония, немесе үндестік дейді. Орыс православие шіркеуі византиялық дәстүр – билікті қастерлеуден бас тартып, биліктің қол астындағы бағынышты дін еместігін, мемлекеттен, мемлекет басындағы тұлғалармен жақындаспай, бойларын аулақ салатындықтарын мәлімдеді. Билікті қолдаудың да шегі барлығын ескертті: дінді сыйламайтын, елді діннен ажыратуға тырысатын мемлекеттің әрбір қадамына шіркеудің қарсы болатындығын ескертті. Сонымен бірге ортақ ел мүддесі үшін мемлекетпен бірлесіп жасайтын істердің бағыттарын айқындады («Основы социальной концепции русской православной церкви» («Социологические исследования, 2001 ж. №8)). Ал енді бүгін дінтанушы ғалымдар Ресейде мемлекет пен орыс православие шіркеуінің жақындасуы Конституция шеңберінен ашықтан ашық шықты деп аландаушылық білдіруде. Ол шіркеудің мемлекеттік қызмет, оқу орындары, әскери, мәдениет салаларында ықпалы өсіп, мемлекет діншіл (клерикалды) сипат алып, дін үстемдігі күшеюде, шіркеу тіпті биліктің дінге толық бейімделуін талап етіп отыр («воцерковление власти») делінеді. Ал билік партиясы – «Біртұтас Ресей» бұл ниетке қарсы емес, барлық заң жобаларын православие дін мүддесі тұрғысынан сараптамадан өткізілуін қолдады. Осыдан келіп ғалымдар орыс қоғамы үлкен қауіп-қатердің алдында тұр, деп аландайды («Религия и право», 2011 ж., №1). Православие, ислам және басқа да мәдениетті насихаттау деген желеумен таза діни білім берілуде, ал ол зайырлы қоғам, зайырлы білімге жат делінеді. «Білім туралы» Заңға «діни білім» деген ұғым енгізілуі оқу орындарында енді миссионерлер мен секталарға діндерін насихаттауға жол ашылды деушілер көп. Бүгін әлемде, әсіресе, Батыста еуроцентризм идеологиясына негізделген ислам дініне, мұсылмандарға деген қарсылық басым. Мысалы, Ресейде, әсіресе, Солтүстік Кавказдағы соғыс жылдары ислам дінін шеттету орын алды. Ішкі істер министрлігі мен орыс православие шіркеуінің ынтымақтастық туралы мұсылмандардан оңаша қабылдаған келісімі «азаматтарды рухани арандатушылықтан қорғау» деп аталды. Ресейдің қауіпсіздік кеңесі мен православие діни бірлестіктерімен өткен келісім де осы пішінде өтті. Бүгінгі Патриарх Кирилл Ресейдегі мұсылмандардың санын кемітіп көрсетіп, 20 млн.-ға жеткен, халқының 15%-дан астамын құрайтын мұсылмандарды нәбәрі 4-5% деп, Ресейдің православие елі екендігіне басымдық беруге

тырысса, кезінде патриарх Алексей II де «Ресейдің идеологиясы православие» деген болатын. Ресейдің бірқатар өңірлерінде мешіттер салуға қарсылық әлі көп. (Э.Абдулагатов, «Российские православные и мусульмане: общие проблемы – разные взгляды». «Общественные науки и современность», 2004, №2). Бүгін ислам дінін құбыжық етіп көрсетіп, экстремизм қаупін тек исламнан көру етек алған. Соңғы кезде Норвегияда болған жантүршігерлік террористік оқиға ақылынан адасқан біреудің әрекеті емес. Андрес Брейвик өзінің қылмысын қоғамның көңілін аударатын «қажетті айуандық» деп есептейді, ол мұсылмандардың Норвегияны отарлауына қарсылық деп бағалайды. Мұсылмандарды еуропалықтар ислам діні мен салтынан бас тартпайды деп айыптайды. Біздің елімізде ислам дінінің орны бөлек. Қазақ сияқты отарланған ұлттар үшін дәстүрлі құндылықтарды, ұлт мәдениетін, дәстүрлі дінін қолдау өте маңызды. Ислам діні – ғасырлар бойы ұлтымызға тірек, өркениетіміздің қазығы болған және бола беретін мәдениет құрушы, орны бөлек рухани күш. Дегенмен, біз өз ұстанымымызды толық анықтай алмай келдік. Батыс пен Ресейдің ислам дініне деген салқындығы Қазақстанда да сезіледі. Ол – бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ағылып келіп жатқан әдебиеттердің, оның ішінде ғылыми деп аталатын еңбектердің де ықпалы. Бір сөзбен айтқанда, ақпараттық экспансия ислам дініне салқынын тигізуде. «Діни экстремизм», «ислам экстремизмі», «ислам фундаментализмі» ұғымдарын біз ойланбастан қабылдап, оқулықтарға енгіздік және онда исламға көлеңке түсіру ниеті жатқанына мән бермедік. «Экстремизм» (фр. тілінен *extremisme*, лат. *extremus*) – шектен шығу деген мағынаны білдіреді. Бірақ «шектен шыққан» көзқарас, «әрекет» деп нақты нені айтамыз деген сауалға жауап алуан түрлі. Негізі ол тек Конституцияның, заңның талабымен өлшенсе керек. Әртүрлі лаңкестік әрекеттерді дінмен, әсіресе, ислам дінімен байланыстыру қате пікір: шынайы ислам экстремизмге, экстремизм исламға жат. Ғасырлар бойы мәдениеттің, өркениеттің негізі болған исламды түрлі жағымсыз істермен, қантөгіс уақиғалармен байланыстырудың астарында басқа діндерді тықпалау ниеті жатыр. Төркініміз Кеңес өкіметі ұлт десе ұлтшыл деп айыптауға дайын тұратын еді. Енді бүгін дін десе, әсіресе ислам діні туралы сөз бола қалса, ол дінді ұстанушыларға «экстремист», «террорист», «вахабист» дейтіндер көбейді. Шындығында, мұндай анықтаманы тек сот бере алады. Әлі де дінді жау көрмесе де, идеология саласында бәсекелес көретіндер бар. Жастардың көбірек мешітке баратынынан, болмаса ерекше киінгенінен зайырлы мемлекетке жасырын қауіп іздеушілер жоқ емес. Діндарлықты – «фанатизм», радикалдық іс әрекеттермен байланыстыратын психология өз ішімізде әлі де көрініс алып отыр. Дін ата-бабаларымыздың құндылығының негізі

дегенімізбен, әлі оның парқына бара алмай жүрміз. Орыс ақыны А.Вознесенский айтқандай, «мы некрещенные дети советской империи» деп, бүгінгі қазақтардың да кіндігін негізінен атеистер кескен, рухани тәрбие алмай, енді көп дүниені ой елегінен өткізудеміз. Сондықтан да зайырлы мемлекеттің не екенін біреу біліп, біреуі білмей, атеистік мемлекетке теңейді. Діни ахуал қалыптастыру Ақтөбе облысының Шұбаршы, Кеңқияғында еліміздің басқа да кейбір елді мекендеріндегі сияқты исламның Қазақ еліне дәстүрлі емес топтарының барлығы бұрыннан белгілі. Бірақ діни алалық шиеленіске, бұлтартпайтын бірбеткейлік текетіреске ұласпаған. Тапа-тал түсте алдын ала өздерінің алысқа бара алмайтындарын білсе де, қарулы топ ашық қанды қақтығысқа бел буды. Бұл уақиғаның астарында діни емес, қылмыстық қақтығыстың барлығы да бірден айтылды. Бірақ күні бүгінге дейін бұл қылмыстың сыры ашылып, соңғы нүкте қойылған жоқ. Сондықтан, ел ішінде әртүрлі болжамдар мен қауесеттер сейілмей отыр. Қазақстан халқы Ассамблеясының XVII сессиясында сөйлеген сөзінде Н.Назарбаев: «Мен еліміздегі діни істер туралы ерекше айтқым келеді» – деді. Елбасының дін жағдайына аса назар аударуының терең себептері бар. Еліміздегі діни ахуалды жаһандану үрдістерінен, әлемдік қайшылықтардан, ислам дінінің әлемдегі орны, ықпалынан бөліп қарау мүмкін емес. Мысалы, Палестина проблемасы – ислам үшін қасиетті жерде Израиль мемлекетінің пайда болуы, еврей мемлекетінің Палестина территориясын басып алуы араб әлемін есінен тандыратындай етті. Батыстың еврейлерді қолдауы араб ұлтының намысына тиді. 2003 жылы Қазақстан Парламенті Мәжілісі делегациясының Сирияға сапарында президент Башар Асадтың: «Біз Израильмен емес, АҚШ-пен Батыспен соғысып жатырмыз, әйтпесе бір топ еврейге тойтарыс беру бізге қиын емес. Кезінде арабтарды шапқыншылардан қорғаған Бейбарыс ұрпақтары – қазақтардан қару-жарақ емес, моральдық қолдау күтеміз», – дегені есімде. АҚШ-тағы еврей лоббиі жағдайында Палестина мәселесінің шешімін табуы қиын. Дегенмен, бүгін күдіктен үміт басым. Ал егер күштілер осылай араб елдеріне, палестиналықтарға ойына келгенін істей берсе, онда әлсіздер тарапынан лаңкестік әрекеттер де жалғаса бермек. АҚШ-тың мүддесі бар әлемнің кез келген елінде сыртқы күштер әртүрлі жолдармен ел ішіне іріткі салуға ұмтыла беретін болады. Ішкі діни ахуал о баста кеңес заманының дәрежі атеистік саясаты, дінге қарсы жүргізілген зорлық-зомбылық, діни ғибадатханалардың жабылуы, діни қызметкерлерін қудалаумен де байланысты. Тәуелсіздікпен бірге діни еркіндік алған дәстүрлі дінімізге оралуды мақсат еттік те, оны нақтылап анықтауға біліміміз де, тәжірибеміз де жеткіліксіз болды, ислам дініндеміз, мұсылманбыз дедік. Сырттан келгендердің барлық уағыздарын жоғары ақиқат деп қана қабылдап қойған

жоқпыз, басшылыққа алдық. Осылай әртүрлі жат ағымдарға икемді орта қалыптаса бастады. Олар әлемдік тәжірибеден өткен әккі жолдарын Қазақстанда да пайдаланды: мешіт, медресе, шіркеу салуға сырттан қаржылай көмек көрсету, бірақ жетекшілері шетелдіктер болуын басты талап ету, әртүрлі қайырымдылық қорларын құру, жастарды араб және басқа елдерде діни білім алуға жіберу, олар оралғаннан кейін ұстаздарының идеялық уағыздарын насихаттауға тиісті болу. Осы қауіпті ескеріп, Ресейдің 1997 жылы қабылданған «Ар-ождан бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заңы шет ел діни ұйымдары өкілдіктерінің діни қызметпен айналысуына тыйым салды. Елдегі тыныштықты, тұрақтылықты мылтықпен орната алмаймыз. Көршіміз Ресей тәжірибесі қаза болғандардың орнын туыстары, жерлестері, ниеттестері толтырып өш алу, арандату жалғаса беретінін көрсетіп отыр. Ел тұрғындарынан азамат тәрбиелеу, ымырашылдық, іштей жек көретіндермен де сырттай сыйласа білу, жұғысу, келісіп отыру да аз, өз пікірінде қалу, елді ұйымдастырып, дінаралық, ұлтаралық қақтығыстардың алдын алу маңызды болып табылады. Ең бастысы – адамдарға әділ қарап, тілектестік, жарастық табу, бірбеткейлікке жол бермеу. Бүгін елімізде ислам дінінің Қазақстанға тарауы, дін мен ұлттық салт-дәстүріміздің үйлесімі мен ерекшеліктері, Әбу Ханифа мазхабы, салафия бағыты туралы мазмұнды, терең насихат жүргізілуде. Елді тәрбиелейтін ағартушылық іс діни ахуалға оңды ықпал ететіні сөзсіз. Бірақ оның да шегі бар. Бұл істе науқаншылдық тиімсіз. Ақтөбе облысының Темір ауданы, әсіресе, Шұбаршы, Кеңқияқ ауылдарында діни насихат жалықтырған да тәрізді. Уағыз, насихат саяси - әлеуметтік, мәдени өмірмен үйлесіп жатқанда ғана тиімді. Мемлекет пен дін бірлігі, халықтың мемлекетке де, дінге де сенімі діни ахуалды тұрақтандырады. Діни ахуалға, әсіресе, радикалдық көңіл-күйге, экономикалық, нарықтық қатынастарға бет алу, елдің бай мен жарлыларға жіктелуі, діни бөлек шет ел жұмыс күшінің таралуы әсер етпей қоймайды. Бір жағынан, әлеуметтік қиындықтар, социалистік құндылықтардың күйреуі, наным-сенімдердің өзгеруі, екінші жағынан, еркіндік жеке адамдарды жаңа іс әрекеттерге, әртүрлі ағымдарды таңдауына мүмкіндік туғызды, итермеледі, олардың арасында радикалды пікірлер де аз болмады. Әлі де ысылмаған, оңын-солын танымағандар жетекке ере берді. Ресми есеп бойынша, елімізде жарты миллионға жуық тіркелген жұмыссыздар бар. Сонымен бірге, 1,7 млн. өзін өзі жұмыспен қамтамасыз етушілер, олардың 1,3 млн.-ы қосалқы үй шаруашылығындағылар. Ресми статистика оларды жұмыспен қамтылғандар қатарына жатқызады, ал олардың басым көпшілігі өздерін жұмыссыздармыз деп санайды. Сондықтан биылғы Қазақстан халқына Жолдауында Н.Назарбаев «Өзін өзі жұмыспен қамтып отырған тұрғындар – біздің экономикамыздың

зор кадрлар резерві», – деп бағалады. Шет елдерде оқитын жастарды белгілі бір діни идеяның ықпалына икемдеу бүгін басты стратегиялық мақсатқа айналды. Дәстүрлі отбасылық, туысқандық, мәдени ортадан жырақта жүрген жастардың елін сағынатыны, жалғыздық көретіні, шеттетілетіні анық. Олар мешітке, шіркеуге діни серіктер табу үшін емес, жолдас, дос табу үшін барады, сол жерде олар әртүрлі ағымдардағылармен пікірлес болады. Сондықтан, тек шел елдегі діни оқу орнындағылар ғана емес, басқа да колледж бен университеттерде оқитын жастар әртүлі діни бағытта болуы ықтимал. Елге оралғаннан кейін олар діни ахуалға өзінше ықпал етеді. Ауылдан қалаға келген жастар да дәстүрлі емес дін соңындағы жерлес бауырластарының жетегінде кетеді. Діни ахуалға ұлттық факторлардың тікелей ықпалы барлығы белгілі. Қазақстанда қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде әлсіздігі, Ресей телеарналарының үстемдігі, теледидардағы ислам дәстүріне жат зорлық-зомбылықтың, порнографияның кең тарауы бөтен тілдің, мәдениеттің өктемдігі ғана емес, бөтен діннің де мұсылмандарға шабуылы деп қабылданатыны анық. Мемлекеттік басқару органдары мен өзін өзі басқару органдарының елдегі ахуалға жағымды ықпал ету, кесепаттың алдын алу жолдары мол. Олардың ішінде: - елді мекендердегі, аудандардағы жағдай туралы құқық қорғау органдарымен әрдайым өзара ықыласты байланыста болу; - қалаларда мәслихаттардың пәтер иелері кооперативтерімен сенімді қарым-қатынаста болуы, тұрғындар тынысы жайлы хабардар болу; - қоғамдық бірлестіктер, саяси партиялармен байсалды пікір алмасу; - кейбір жағдайда сенім телефоны арқылы жалпы өрескел іс-қимылдар туралы мәлімет алып отыру; - азаматтардың әр салада да белсенділігін қолдау, оларға ықылас-пейіл таныту, менмендікке жол бермеу; - мемлекеттік басқару органдарында кіші ассамблеялармен қатар этномәдени бірлестіктермен, басқа да орталықтармен байланысқа жауапты адамдарды бекіту; - діни, ұлтаралық, әлеуметтік ахуал жөнінде тәжірибені мезгіл-мезгіл саралап, жергілікті облыстық, мемлекеттік деңгейде ұсыныстар дайындау; - әлеуметтік зерттеулер негізінде жоғары оқу орындары колледждер мен мектеп оқушыларының көңіл-күйін, рухани ұстанымдарын анықтау; - жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару органдарының елді мекендер аумағындағы базарлар, сауда орындары, мейрамханалар, демалыс орындары, спорттық секциялар, парктер мен зират орындары төңірегіндегі ахуалды қадағалап отыру; - бұқаралық ақпарат құралдарын рухани, байыпты, кісілік қасиетке бейімдеу. Діни ахуал және заң Уағыз айтушы қай заманда да айтқан уағызына сай әрекет ете бермеген. Дін бірлестіктері мен дін қызметкерлерінің білмей, сауатсыздықтан, кейде саналы түрде де заң бұзушылыққа жол беретіні жиі кездеседі. Сондай-ақ заңды қадағалап,

азаматтардың құқын қорғайтын қызметкерлер де әділетсіздікке, заң бұзушылыққа баруы мүмкін. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» жаңа Заңның оңды тұстары жеткілікті. 3-баптың 3-тармағында мемлекетіміздің зайырлық сипаты баян етілген. Бұрынғы заңдағы «Мемлекет діни бірлестіктерді қаржыландырмайды» деген тұжырым алып тасталған. Енді қажет болған жағдайда мемлекет діни бірлестіктерді қаржылай қолдай алады. Ол орынды, себебі, бірқатар діни бірлестіктер шет елдерден қаржы алады. Кіріспе бөлім (преамбула) де басым жұртшылықтың ойынан шығады. Онда: «Халықтың мәдениеті мен діни өмірін дамытуға ханафи бағытындағы ислам және православиелік христиан діндерінің тарихи рөлін танитынын, Қазақстан халқының діни мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейтінін, конфессияаралық келісімнің, діни тағаттылықтың және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын танытатынын негізге алады», – деп алғашқы рет тарихи діндер қолданған. Әлемдік тәжірибеде тарихи, дәстүрлі діндерді қолдау дағдыға айналған. Батыста священниктер мемлекеттен еңбекақы алады, халық діни салық төлейді, мектептерде тарихи діндер – міндетті пәндердің бірі. 12-баптағы діни бірлестіктердің мәртебесін айқындап, оларды жергілікті, өңірлік, республикалық діни бірлестіктер деп санына қарай тану да әділ шешім, себебі, бұрын бес мүшесі бар секта мен мұсылмандардың діни басқармасының мәртебесі заң алдында бірдей еді. Енді ең күрделі мәселе заңдарды қолдануынан туындайды. Мысалы, «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңда экстремизм «діни өшпенділікті немесе алауыздықты, соның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты алауыздықты қоздыруды, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, имандылығына немесе құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін кез келген діни практиканы қолдануды (діни экстремизмді) көздейтін іс-әрекет (ұйымдастыруы және «немесе жасауы») деп анықталған. Бірақ осы заңда құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне де қойылатын талаптар анықталмаған. Осы заң және басқа да әлеует құрылымдарының қызметін реттейтін заңдардың астарында айыптау, жауапқа тарту, қадағалау үрдісі басым да, олардың дінаралық, ұлтаралық, нәсілдік алауыздықпен күрестегі міндеттері нақтыланбаған. Кейде қылмыстық қақтығыстар мен діннің ара жігін ажыратпай дінді кінәлау жиі көрініс алады. Қылмысты діндармыз деген адамдар жасаса, оған дін кінәлі емес. Анық-қанығына көз жеткізбей шүйілу, ескертулер айту да кездеседі. Құқық қорғау органдары мен арнаулы қызметтер де өз қызметін тым кең мағынада түсініп, өз қызметтерінде өз құзыреттері шеңберінен асып жатады, мемлекеттік басқа органдардың қызметін алмастыруға тырысушылық та көрініп қалады. Қай

салада да барлығын бақылап, ашса алақанымда, жұмса жұдырығымда болсын деген ниет ойдағыдай нәтиже бермейтіндігі белгілі. Тізгіндеп, күнде «достық» әңгімеге шақыру адамды ашындырып, өзіне өзі қол салуға дейін апарады. Өкініштісі, құқық қорғау органдарында дін мәселелерін талдайтын мамандар жоқ. Ал әртүрлі конфессиялық ортада дін сияқты табиғаты күрделі, нәзік мәселелерді түсіну, оларды реттеу үшін тек сауатты дінтанушы, ешкімге бұра тартпайтын мамандар қажет. Арнайы мамандардың тапшылығынан діни бірлестіктер қызметі туралы тұжырым сол адамдардың ой-өрісімен бағаланса, талай қиындықтар туары сөзсіз. Осының салдарынан заң аясында қызмет жасайтын діни бірлестіктерді үсті-үстіне тергеуден жағдай ушығады. Экстремизммен күресті сылтау етіп, азаматтардың наным-сенім мәселелеріне заңсыз араласу қателіктерге ұрындырып, ашу-ызаны қоздыруы мүмкін. Діни ахуал осылай күрделеніп, жанжалдарға негіз болуы мүмкін. Басты мәселенің бірі – діни әдебиеттерді талдау, сараптау, оларды зиянды деп табу. Құқық қорғау органдары күдіктілерді қамауға алғанда олардың үйінен діни әдебиет табылды деп жариялап жатады. Бүгін елімізде дінге қызушылық басым, діни әдебиетті оқушылар көбейді. Мысалы, соңғы кезде тіпті неміс тілінен орыс тіліне аударылған А.Гитлер сөздерінің стенограммасы жарық көрді. Кешегі және бүгінгі де фашизмді танып білу үшін ол кітап пайдалы, бірақ ол кітаптың иесі фашистік идеология жетегінде дегенді білдірмесе керек. Дегенмен, солақай полиция, тергеуші, сот мұны қалай түсінеді? Көрші Татарстанда сараптамашының тайыздығынан Мұхаммед Пайғамбарымыздың хадистері, 18 ғасырдағы мұсылман теологтарының еңбектері зиянды деп табылып, сот үкімі шығарылған. Ресей Бас прокуратурасы, Ресей мүфтилер кеңесінің төрағасы Шейх Рафиль Гайнутдинов араласқаннан кейін ғана сот мәселені қайта қараған. Сондай-ақ көре-тұра дінаралық және ұлтаралық араздық тудыратын жағдайларды үстіртін сараптаманың салдарынан іс көтерілмеген жағдайлар да бар. Діни бірлестіктер мүшелеріне тіл тигізу, дөрекілік көріністері де орын алатыны талай азаматтардың Парламентке жолдаған хаттарынан белгілі. Құқық қорғау қызметкерлері азаматтардың ана тіліне, салт-дәстүріне, мәдени және этностық ерекшеліктерін ескерген күнде ұлтаралық және дінаралық сыйластыққа жағдай туады. Егер полиция қызметкерлері мен дін ұстанушы азамат екі ұлттың өкілі болса, полиция қызметкерлерінің дөрекі мінезі, оғаш сөздері діндар адамға діні, ұлты бөтен болғандықтан, оған көрсеткен арнайы өрескелдік болып көрінеді. Діни бірлестіктермен жұмыс сыпайылықты, әдептілікті талап етеді. Сондай-ақ, полицейлердің ғибадатханаларда жүріс-тұрысы, тәртіп қағидаларын, кішіпейілдікті сақтау, діни қызметкерлермен өздерін қалай ұстауын, сөйлесуін білуі керек. Өкініштісі, біздің заңдарда діни

бірлестіктер мен жеке азаматтардың құқы бұзылған жағдайда құқық қорғау органдарының жауапкершілігі терең қарастырылмаған. Олардың адамгершілігі, төзімділігі, бүгінгі тілмен айтсақ, толеранттылығы, байсалдылығы да ел тұрақтылығының кепілі. Діндер туралы мәліметтер тым тайыз болғандықтан, олар нені қолдап, нені айыптауды біле бермей, кейде тіпті түгел дінді айыптайды. Намаз оқығандармен, басқаша киім киетіндермен күрес – күрестің ең оңай жолы. Бірақ осының салдарынан мемлекетіміздің беделіне нұқсан келеді, мемлекет пен дінге сенетін адамдардың арасына жік түседі. Сауатсыз әрекеттің салдарынан кейбір діни бірлестіктер жұмысын астыртын, құпия жүргізуге, тіпті күмәнді топтарға еруге мәжбүр болады. Абзалы әлемдік тәжірибе көрсеткендей, құқық қорғау органдары қызметкерлеріне арналған ислам, православие, католицизм, протестантизм, иудаизм, буддизм туралы жаднама (памятка) дайындап, онда әр діни ілім туралы қысқаша мәлімет, оның ерекшеліктері, діни бірлестіктердің байланыс телефондары мен мекен-жайлары көрсетілсе тіпті орынды. Ақтөбе облысындағы оқиғалар ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету барысында орталық органдардың міндеттері заңдарда айқындалғанын, ал жергілікті мемлекет басқару мен өзін-өзі басқару органдарының төтенше уақиғалар, қақтығыс тұсындағы құзыретінің заңда белгіленбегенін көрсетті. Нәтижесінде жергілікті ауылдық, аудандық, облыстық билік уақиғалардың үндемейтін куәгерлері ғана болып отыр. Жергілікті елдің тұрмысын, психологиялық, әлеуметтік және діни ахуалынан құлағдар мәслихат депутаттары, тұрғындар, ардагерлер қандай да қайшылықты шешуге тиімді ықпал ете алады. Олар бүлікке бейімділерді де, қақтығыстың алдын алу, келісім табудың мүмкіндіктерін де біледі. Ал жергілікті халық шеттетілген жағдайда қақтығыстарды тек күшпен шешудің жолы ғана қалады, ол қантөгістерге әкеледі. Абай «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандастарының бәрі виноват», деген. Демек, мемлекеттік органдар, бұқаралық ақпарат құралдары, отбасылары, әр азамат болған жағдайларға кінәлі. Елді мекен халқын уақиғалардан қақпайлау, ығыстыру адамдарды еліне қорғаныш, таяныш емес, әлсіз, қауесет пен қауіп-қатер ықпалындағы мүшкіл топқа айналдырады. Сонымен, дінге бетбұрыс, дінге сенушілердің, діни бірлестіктердің, ұйымдардың, діни оқу орындарының санының тез өсуі елімізде күрделі, қайшылыққа толы діни ахуал қалыптастырды, еліміз алуан түрлі діндердің араласатын алаңына айналды. Бір жағынан, демократиялық ахуал жаңа мүмкіндіктер туғызды, адам тәрбиесіне жаңа қырынан келіп, рухани-психологиялық тәрбиеге мүмкіндік берді, дін мұсылман ағайынның басын біріктіретін, рушылдық, жүзшілдіктен жоғары тұратын патриоттық идеологияның бір негізіне айналып барады.

Екінші жағынан, діни ағымдар мен конфессиялар арасында бәсекелестік күшейді. Абай айтпақшы, «кеселді кісі еркін келетұғыны несі?» деп, діни сенім бостандығын әртүрлі секталар, жат ілімдер көбірек пайдаланып кетті. Бұл бұрын-соңды болмаған діни ахуал еді. Кешегі атеистік қоғамнан шыққан біздің қоғам мейірімді дін мен дінді бүркемелеп жүрген әртүрлі іріткі салушы топтарды ажырата алмай, қауіп-қатерді талай ғасырлар бойы елімізді тәрбиелеп келген ислам дінінен көретіндер де бой көрсетті. Бүгін жаңарған діни сананы елдің басын біріктіріп, мәдениетінің, дәстүрінің тірегіне айналдыру, дін мен мемлекет, дін мен тәрбие үйлесіміне қол жеткізе білу – ел дамуының ізгілігі мол шапағатты жолы.

Амангелді Айталы, философия ғылымдарының докторы, профессор.